

**2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағының ветеринариялық-санитариялық шаралар жөніндегі келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 3 наурыздағы № 415-IV Заңы

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Бұл хаттама Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енген күнінен бастап қолданылуын тоқтатады - ҚР 14.10.2014 N 240-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 113-баптан қараңыз).**

2010 жылғы 21 мамырда Санкт-Петербургде жасалған 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағының ветеринариялық-санитариялық шаралар жөніндегі келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттама ратификациялансын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

*Н. Назарбаев*

**2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағының ветеринариялық-санитариялық шаралар жөніндегі келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттама**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберіндегі кеден одағына мүше мемлекеттердің үкіметтері, 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағының ветеринариялық-санитариялық шаралар жөніндегі келісімінің (бұдан әрі - Келісім) 10-бабына сәйкес, төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Келісімге мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. 4-баптың 1-тармағының бірінші абзацындағы «рұқсат пен» деген сөздер «рұқсаттың және (немесе)» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 6-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:  
«Уәкілетті органдар қажет болған кезде және өзара уағдаластық бойынша кеден одағының кедендік аумағын жануарлардың, оның ішінде адам мен жануарларға ортақ жұқпалы аурулар қоздырғыштарының және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес келмейтін тауарлардың (өнімдердің) әкелінуінен және таралуынан қорғау жөніндегі кеден одағы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін, сондай-ақ

бір Тарап мемлекетінің аумағынан екінші Тарап мемлекетінің аумағына өткізілетін бақылаудағы тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен адамдарға бірлескен тексерістер (инспекциялар) жүргізе алады.».

3. 7-баптың 2-тармағының бірінші абзацындағы «Уәкілетті органдар беретін» деген сөздер алып тасталсын.

## **2-бап**

Осы Хаттаманы түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Егер Тараптардың бірінің басқа Тараптарға консультациялар мен келіссөздер жүргізу туралы жолдаған жазбаша ресми өтініші түскен күннен бастап алты ай ішінде Тараптар дауды реттемесе, Тараптардың кез келгені бұл дауды Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына қарау үшін береді.

## **3-бап**

Осы Хаттаманың күшіне ену, оған қосылу және одан шығу тәртібі 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыруға бағытталған халықаралық шарттардың күшіне ену, олардан шығу және оларға қосылу тәртібі туралы хаттамамен айқындалады.

2010 жылғы 21 мамырда Санкт-Петербург қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа  
д а н а д а ж а с а л д ы .

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы Кеден одағының комиссиясында сақталады, ол осы Хаттаманың депозитарийі бола отырып, әрбір Тарапқа оның расталған көшірмесін жолдайды.

|                        |                        |                       |
|------------------------|------------------------|-----------------------|
| <i>Беларусь</i>        | <i>Қазақстан</i>       | <i>Ресей</i>          |
| <i>Республикасының</i> | <i>Республикасының</i> | <i>Федерациясының</i> |
| <i>Үкіметі үшін</i>    | <i>Үкіметі үшін</i>    | <i>Үкіметі үшін</i>   |

Осымен 2010 жылғы 21 мамырда Санкт-Петербург қаласында қол қойылған 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағының ветеринариялық-санитариялық шаралар жөніндегі келісіміне толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы хаттаманың куәландырылған көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

|                         |                          |                        |
|-------------------------|--------------------------|------------------------|
|                         | <i>Қазақстан</i>         | <i>Республикасы</i>    |
|                         | <i>Сыртқы істер</i>      | <i>министрлігі</i>     |
|                         | <i>Халықаралық құқық</i> | <i>департаментінің</i> |
| <i>Басқарма бастығы</i> | <i>Б. Пискорский</i>     |                        |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК